

Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2001 жылғы 1 қарашадағы N 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 28 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1712. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 81 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.03.12 № 81 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Патент заңын , Қазақстан Республикасының " Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Заңын , Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН :**

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п б ұ й р ы ғ ы м е н .

1. Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Ұлттық патент ведомствосы Төрағасының 1995 жылғы 4 қыркүйектегі N 22 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Ұлттық патент ведомствосының Апелляциялық Кеңесінде дауларды қараудың тәртібі туралы Ереженің ;

2) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Ұлттық патент ведомствосы Төрағасының 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 23 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Ұлттық патент ведомствосы Апелляциялық Кеңесі Жарғысының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету жөніндегі басқарма осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

Төрайым

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі
Санаткерлік меншік құқығы
жөніндегі комитет Төрайымының
2001 жылғы 1 қараша N 69
бұйрығымен бекітілген

**Өнеркәсіптік меншік объектілерін патенттеу мен тіркеуге
байланысты қарсылықтарды апелляциялық кеңеске
берудің және оны қараудың тәртібі туралы
Ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Патент заңының (әрі қарай - Патент заңы) 32-бабына, Қазақстан Республикасының "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Заңының (әрі қарай - Тауар таңбалары туралы заң) 41-бабына, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Селекциялық жетістіктер туралы заң) 8-бабының 5-тармағына, 10-бабының 5-тармағына, 21-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және қарсылықтарды апелляциялық кеңеске берудің және оны қараудың тәртібін белгілейді.

Патент заңымен, Тауар таңбалары туралы заңмен, Селекциялық жетістіктер туралы заңмен көзделген апелляциялық кеңесінің функциясын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитет (әрі қарай - Комитет) және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты (бұдан әрі - сараптама жасау ұйымы) осы Ережеде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыс, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары мен қызмет көрсету таңбалары (әрі қарай - тауар таңбалары), тауарлар шығарылған жерлердің атаулары, селекциялық жетістіктер;

2) қорғау құжаттары - өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге инновациялық патент, өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге патент, тауар таңбасына куәлік, тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығына куәлік,

селекциялық жетістіктерге патент;

3) өтінім беруші - өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге, селекциялық жетістіктерге, тауар таңбасын тіркеуге, тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуге және (немесе) беруге қорғау құжаттарын беруге өтінім берген заңды немесе жеке тұлға;

4) Мадрид келісімі - кейіннен өзгертіп және толықтыра отырып таңбаларды халықаралық тіркеу туралы 1891 жылғы 14 сәуірдегі Мадрид келісімі;

5) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салаларда қызметтерді (тауар таңбаларын, қызмет көрсету таңбаларын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауар шығарылған жерлердің атауларын, селекциялық жетістіктерді қорғау саласында қызмет көрсету) жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы ұйым;

6) патенттік сенім білдірілген өкілдер - жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдындағы өкілдігіне заңнамаға сәйкес құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п , 2007.04.24. N 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қарсылықтарды беру

3. Апелляциялық кеңеске мынадай қарсылықтар берілуі мүмкін:

1) өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге инновациялық патент, өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге патент беруден бас тарту туралы Комитеттің шешіміне (сараптама жасау ұйымының қорытындысына);

2) тауар таңбасын тіркеуден бас тарту, соның ішінде Мадрид келісімінің 5-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес мәлімделген белгілеуді сараптау нәтижесі бойынша қабылданған тауар таңбасын тіркеуден бас тарту туралы Комитеттің шешіміне (сараптама жасау ұйымының қорытындысына);

3) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуден және (немесе) беруден бас тарту туралы Комитеттің шешіміне;

4) Комитеттің селекциялық жетістікке патент беруге өтінімді одан әрі қараудан бас тарту туралы, селекциялық жетістікке патент беруден бас тарту туралы шешімдеріне;

5) өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге инновациялық патент, өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге патент беруге;

6) тауар таңбасын тіркеуге, соның ішінде Мадрид келісімінің 5-бабының 6-тармағына сәйкес тіркеуге қарсы;

7) тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығын тіркеуге және (немесе) беруге қарсы;

8) пайдаланылмауына байланысты тауар таңбасын тіркеу әрекетіне қарсы;

9) селекциялық жетістікке патент беруге қарсы.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п, өзгерту енгізілді - 2007.04.24. N 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4. Қарсылық Комитетке тікелей беріледі немесе почтамен жіберіледі.

Егер қарсылық факсимильдік байланыспен немесе электрондық почтамен берілсе, ол осындай қарсылықты алған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қағазға түсірілген түпнұсқамен расталуға тиіс.

5. Осы Ереженің 3-тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген қарсылықты, өтінім беруші немесе оның құқықтық мұрагері тікелей не өкіл арқылы береді.

Осы Ереженің 3-тармағының 4), 5)-9) тармақшаларында көзделген қарсылықты, кез келген мүдделі тұлға тікелей не өкіл арқылы береді.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

6. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар, немесе шетелдік заңды тұлғалар Қазақстан Республикасында тіркелген патенттік сенім білдіруші арқылы қарсылық береді және оны қарауға қатысады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс

жерлерде жүрген жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының шегінде хат жазысу үшін мекен-жайын көрсеткен жағдайда патенттік сенім білдірушісіз қарсылық береді және оны қарауға қатыса алады.

(РҚАО-ның сілтемесі: Келесі Заңдарға көңіл аударыңыз ст.36 , ст.46 , ст.15)

7. Қарсылық Патент заңында , Тауар таңбалары туралы заңда , Селекциялық жетістіктер туралы заңда белгіленген мерзімдер ішінде беріледі.

Осы Ереженің 3-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды берудің мерзімін өткізіп алған өтінім беруші, дәлелді себептер болған жағдайда және өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру төлемі туралы құжаты болған жағдайда қарсылықтарды берудің мерзімі қалпына келтірілуі мүмкін. Өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті өтінім берушілер Патент заңына, Тауар таңбалары туралы және Селекциялық жетістіктер туралы заңға сәйкес белгіленген мерзімдер ішінде беруі мүмкін. Мұндай өтініш апелляциялық кеңеске қарсылықпен бір мезгілде ұсынылады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п , 2007.04.24. N 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Қарсылық мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде ұсынылады. Қарсылыққа қоса тіркелген материалдар мемлекеттік, орыс және басқа тілдерде ұсынылады. Егер қоса тіркелген материалдар басқа тілде ұсынылса, өтінішке олардың мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы қоса тіркеледі.

9. Қарсылықта қарсылық берген тұлғаның атауы немесе аты, оның орналасқан жері немесе тұратын жері, сондай-ақ хат жазысу үшін мекен-жайы көрсетіледі.

10. Осы Ереженің 3-тармағының 1)-4) тармақшаларында көзделген қарсылық, бір өтінімге қатысты болуға және онда өтінімнің нөміріне, дау тудырған қорытындыға немесе шешімге, сондай-ақ шығарылған қорытындыға, шешімге келіспеудің дәлеліне сілтеме мазмұндалуға тиіс.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

11. Осы Ереженің 3-тармағының 4)-7) тармақшаларында көзделген қарсылықтар бір қорғау құжатына (тауар таңбасының бір тіркеуіне) қатысты болуға, қорғау құжатының нөмірі (тауар таңбасының тіркеу нөмірі) көрсетілуге, қорғау құжатын жарамсыз деп тану үшін Патент заңымен, Тауар таңбалары туралы заңмен немесе Селекциялық жетістіктер туралы заңмен көзделген

қарсылықтарды берудің бір негіздемесі болуға тиіс.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2007.04.24. N 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Берілетін қарсылыққа:

1) қарсылықтың мәтінінде сілтеме жасалатын материалдар;

2) қарсылықты патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда, сенімхат мемлекеттік немесе орыс тілінде беріледі, егер сенімхат басқа тілде (шетел тілінде) берілсе, онда ол мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылуы керек, сенімхаттың аудармасы нотариалдық куәландырылады. Қарсылық материалдарына нотариалдық куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасы қоса беріледі, немесе Апелляциялық кеңестің хатшысына көшірмесімен бірге сенімхаттың түпнұсқасын растау үшін беріледі;

3) осы Ереженің 3-тармағының 5), 6), 7), 8), 9) тармақшаларында көзделген қарсылықты берген кезде, қорғау құжатының иесіне қарсылықтың көшірмесі жіберілгенін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс.

Ескерту: 12-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п, 2007.04.24. N 60 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Қарсылықтың берілуіне және оны қарауға байланысты іс-қимылды жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақы алынады. Бұл жағдайда берілген қарсылыққа тиісті ақы төленгенін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

14. Қарсылық және қоса тіркелген материалдар (сенімхатты, ақы төленгенін растайтын құжатты, өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті және қорғау құжатының иесіне қарсылықтың көшірмесі жіберілгенін растайтын құжатты қоспағанда) екі данада беріледі.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

15. Қарсылыққа қарсылық беруші тұлға қол қояды. Заңды тұлға атынан өтінішке ұйым басшысы немесе лауазымын көрсете отырып уәкілетті тұлға қол қояды.

Өтініш патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берілген жағдайда өтінішке тиісінше патенттік сенім білдіруші немесе өкіл қол қояды.

3. Қарсылықты тіркеу және қабылдау

16. Келіп түскен қарсылық тіркеледі және оған кіріс нөмірі беріледі. Қарсылық түскен күннен бастап он бес күн ішінде Патент заңымен, Тауар таңбалары туралы заңмен, Селекциялық жетістіктер туралы заңмен және осы Ережемен ұсынылатын қарсылықты беруді ресімдеу, мазмұндау және рәсімдеу талаптарының сақталуын тексеру жүзеге асырылады және қажет жағдайларда, қарсылық берген тұлғаның мекен-жайына сауал жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде жоқ мәліметтерді және (немесе) материалдарды жіберу қажеттігі туралы сауал жолданады.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

17. Егер қарсылық өзіне қойылатын талаптарды қанағаттандырса, қарсылық берген тұлғаға қарсылықтың қарауға қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

18. Осы Ереженің 3-тармағының 4)-7) тармақшаларында көзделген қарсылықты қарауға қабылдағаннан кейін қорғау құжатының иесіне апелляциялық кеңес алқасының отырысы жоспарланған күнге дейін ұсынылуы мүмкін қорғау құжаттарының дау тудырған себептері бойынша өздерінің пайымдауларын ұсыну үшін қарсылықтың көшірмесімен қоса (қарсылықтың көшірмесі қорғау құжатының иесіне жіберіліп қойылған жағдайлардан басқа) қарсылықтың түскені туралы хабарлама жіберіледі.

Мадрид келісіміне сәйкес тіркелген тауар таңбасының иесіне, аталған хабарлама, егер осыған дейін иеленуші осы тауар таңбасын тіркеуге байланысты іс жүргізуді Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірушісіне тапсырмаған болса, тауар таңбасы иесінің мекен-жайына тікелей жіберіледі. Бұл орайда хабарламада қарсылыққа пікір білдіру, сондай-ақ апелляциялық кеңесте қарсылықты қарауға қатысу Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірушісі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екендігі хабарланады.

19. Егер:

1) қарсылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес апелляциялық кеңесте қаралуға жатпаса;

2) қарсылыққа қол қойылмаса не оған қол қоюға өкілеттігі жоқ тұлға қол қ о й с а ;

3) қарсылық белгіленген мерзімді бұза отырып берілсе және аталған мерзімді ұзарту мен қалпына келтіру мүмкіндігі жоқ болса;

4) өтініш беруші қарсылық беруді ресімдеудің, мазмұндаудың және ресімдеудің талаптарына қатысты кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоймаса, қарсылықты қарауға қабылдаудан бас тартылады.

Аталған мән-жайлар болған жағдайда, қарсылық берген тұлғаға алынған қарсылықтың қарауға қабылдана алмайтыны және ол берілген жоқ деп есептелетіні туралы хабарлама жіберіледі.

20. Қарсылық берген тұлға немесе оның өкілі берілген қарсылықты, апелляциялық кеңес алқасында шешімінің қарарлық бөлігі жарияланғанға дейін к е р і қ а й т а р ы п а л а а л а д ы .

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

4. Қарсылықты қарау мерзімдері

21. Қарсылықты қарау апелляциялық кеңес алқасында Патент заңымен және Тауар таңбалары туралы заңмен, Селекциялық жетістіктер туралы заңмен белгіленген мерзімдер ішінде аяқталуға тиіс.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту, толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

22. Қарсылықты қарау мерзімі қарсылық берген тұлғаның, сондай-ақ қорғау құжаты иесінің (тауар таңбасын тіркеу) өтініші, Апелляциялық коллегияның шешімі бойынша, бірақ қарсылықты қарау үшін белгіленген мерзім аяқталатын күннен бастап алты айдан асырмай ұзартылуы мүмкін.

Ескерту: 22-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

5. Қарсылықты апелляциялық кеңес алқасында қарау

Ескерту: 5-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

23. Қарсылықты қарау құрамында кем дегенде үш мүшесі бар апелляциялық кеңес алқасында (әрі қарай - апелляциялық алқа) жүзеге асырылады. Дауды қарау басталған кезге дейін апелляциялық алқаның дербес құрамының құпиялылығы қамтамасыз етілуге тиіс.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

2 4 - 2 8 . < * >

Ескерту: 24-28-тармақтар алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрайымының 2005 жылғы 26 желтоқсандағы N 66-НҚ бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) .

29. Қарсылық берген тұлға, даулы қорғау құжатының (тауар таңбасын тіркеудің) иесі және өнеркәсіптік меншіктің тиісті объектісіне сараптама жүргізген сараптама жасау ұйым өкілі қарсылықты қарауға қатыса алады.

Қарсылық берген тұлға, қорғау құжатының (тауар таңбасын тіркеудің) иесі осы Ереженің 6-тармағының ережелерін ескере отырып, қарсылықты қарауға тікелей, сондай-ақ өз өкілі арқылы қатыса алады. Өкілдің өкілеттігі сенімхатпен расталуға тиіс .

Комитеттің және сараптама жасау ұйымының қызметкерлері аталған тұлғалардың өкілдері бола алмайды.

Ескерту: 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

30. Қарсылықты қарауға қатысуға құқығы бар және апелляциялық алқа отырысының күні мен орны туралы хабардар етілген тұлғаның келмеуі, қарсылықты қарауға кедергі бола алмайды.

31. Апелляциялық алқа отырысты өткізу мерзімдерін мынадай жағдайларда:

1) қарсылықты қарауға қатысу құқығы бар тұлғалардың біреуі келмегендіктен қарсылықты бұл отырыста қарау мүмкін болмаған жағдайда;

2) мәні бойынша шешім қабылдау үшін жетіспейтін қосымша құжаттарды (дәлелдемелерді) тараптар ұсынуы қажет болғанда;

3) тараптардың өтініші бойынша;

4) Апелляциялық алқаның шешімі бойынша өзге де жағдайларда кейінге қалдыруға құқылы.

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен.

32. Апелляциялық алқаның отырысын төрағалық етуші басқарады. Төрағалық етуші апелляциялық алқаның отырысын ашады және алқа мүшелері мен қарсылықты қарауға қатысушы тұлғаларды таныстырады.

3 3 . < * >

Ескерту: 33-тармақ алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрайымының 2005 жылғы 26 желтоқсандағы N 66-НҚ бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

34. Қарсылықты мәні бойынша қарау істі төрағалық етушінің немесе апелляциялық алқа мүшелерінің бірінің баяндауымен басталады.

Істі одан әрі қарау, әдетте, мынадай тізбекпен жүргізіледі:

- 1) қарсылық берген тұлғаның және (немесе) оның өкілінің сөз сөйлеуі;
- 2) қорғау құжаты (тауар таңбасын тіркеу) иесінің және (немесе) оның өкілінің сөз сөйлеуі ;
- 3) сараптама жасау ұйымының сараптама өкілінің сөз сөйлеуі;
- 4) тараптардың апелляциялық алқа мүшелерінің сұрақтарына жауап беруі.

Ескерту: 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

35. Қарсылықты қарауға қатысушы тұлғалардың:

1) іс материалдарымен танысуға, олардан көшірме жасауға, олардың көшірмесіне тапсырыс беруге және алуға;

3) дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

4) апелляциялық процеске қатысушыларға сұрақтар қоюға;

5) өтініш айтуға ;

6) алқаға ауызша және жазбаша түсінік беруге;

7) қарсылықты қарау барысында туындаған барлық мәселелер бойынша өзінің дәлелдері мен пайымдауларын ұсынуға;

8) іске қатысушы басқа тұлғалардың өтініштеріне, дәлелдері мен пайымдауларына қарсылық білдіруге құқығы бар.

36. Іске қатысушы тұлғалар өздеріне тиесілі құқықтардың барлығын адал пайдалануға міндетті.

Өздерінің құқықтарын пайдаланған кездегі кез келген теріс пиғыл немесе дауды қарау үшін маңызы бар мән-жайлар мен фактілерді жасыру қарсы жақтағы тараптың пайдасына есептеледі.

37 . < * >

Ескерту: 37-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрайымының 2005 жылғы 26 желтоқсандағы N 66-НҚ бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

38. Жазатын аппаратура апелляциялық алқаның отырысында апелляциялық алқа мүшелерінің және қарсылықты қарауға қатысушы барлық тұлғалардың келісімімен ғана пайдаланылуы мүмкін.

6. Қарсылықтарды қараудың нәтижелері бойынша апелляциялық кеңес шығаратын шешім

39. Дау мәні бойынша шешілген жағдайда апелляциялық алқа шешім шығарады.

40. Шешім апелляциялық алқа мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстардың теңдігі жағдайында апелляциялық алқа отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

41. Қарсылықты қарау нәтижелері бойынша мынадай шешім шығарылады:

1) қарсылықты қанағаттандыру туралы;

2) қарсылықты ішінара қанағаттандыру туралы;

3) қарсылықты қанағаттандырудан бас тарту туралы.

42. Шешіммен келіспеген апелляциялық алқа мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша нысанда баяндайды, ол жария етілмейді, бірақ іске қосылады.

43. Апелляциялық алқа мүшелері қабылдаған шешімнің қарарлық бөлігін төрағалық етуші қарсылықты қарауға қатысушы тұлғаларға жария етеді.

44. Шешім шығарылған күннен бастап он күн ішінде апелляциялық комиссия апелляциялық кеңестің шешімін әзірлейді және тараптарға жібереді. Апелляциялық кеңестің шешімі жазбаша нысанда баяндалады және ол кіріспелік, сипаттамалық, дәлелдемелік және қарарлық бөліктерден тұруға тиіс.

Апелляциялық кеңестің шешіміне апелляциялық алқаның барлық мүшелері қол қояды.

45. Апелляциялық кеңестің шешімін, осы Ереженің 3-тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген қарсылықтарды қанағаттандыру туралы апелляциялық кеңестің шешімін қоспағанда, Комитет бекітуге тиіс.

Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

46. Тараптар шешім жарияланған күннен бастап он күн ішінде шығарылған шешіммен келіспейтін дәлелдерін баяндай отырып, Комитетке өтініш жіберуге қ ұ қ ы л ы .

Ескерту: 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

47. Апелляциялық кеңестің шешімін бекіту түпкілікті шешім шығарылған күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі.

4 8 . М ы н а л а р :

- 1) дау бойынша елеулі мән-жайды анықтаудың толық болмауы;
- 2) алқа дәлелденді деп есептеген дауды дұрыс шешу үшін елеулі маңызы бар мән - ж а й л а р д ы ң дә л е л д е н б е у і ;
- 3) шешімде баяндалған тұжырымдардың даудың мән-жайына сәйкес келмеуі;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бұзу немесе дұрыс қолданбау апелляциялық кеңес шешімін бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

49. Осы Ереженің 48-тармағында көрсетілген негіздер болған кезде, Апелляциялық кеңес төрағасы дауды алқа мүшелерінің өзге құрамдағы апелляциялық алқасына жаңадан қарауға жібереді.

50. Апелляциялық кеңес бекіткен шешімді тараптардың төрағалары сараптама жасау ұйымына жібереді.

Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

51. Комитет бекіткен апелляциялық кеңес шешімінің негізінде сараптама жасау ұйымы толық және ішінара жарамсыз деп танылған қорғау құжаттары туралы, қорғау құжаттарына қатысты өзгерістер туралы жарияланым жасайды, сондай-ақ аталған мәліметтерді Өнеркәсіптік меншік объектілерінің тиісті мемлекеттік тізіліміне енгізеді.

Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеттің 2004 жылғы 22 қыркүйектегі N 55-п бұйрығымен .

52. Комитет бекіткен апелляциялық кеңестің шешіміне қарсылық берген тұлға немесе қорғау құжатының (тауар таңбасын тіркеудің) иесі оны алған күннен бастап алты ай ішінде сотқа шағымдануы мүмкін.